

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Экономикалық сериясы**

1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Экономическая серия**

Издается с 1997 года

ISSN 2710-3552

---

**№ 2 (2022)**

**Павлодар**

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайгыров университета**

**Экономическая серия**  
выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

о постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания  
№ KZ93VPY00029686

выдано  
Министерством информации и коммуникаций  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**  
публикация материалов в области экономики, управления,  
финансов, бухгалтерского учета и аудита

**Подписной индекс – 76133**

<https://doi.org/10.48081/CFIK7953>

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Нургалиева А. А.

*к.э.н., ассоц. профессор*

Заместитель главного редактора  
Ответственный секретарь

Гребнев Л. С., *д.э.н., профессор*  
Шеримова Н. М., магистр

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Шмарловская Г. А.,	<i>д.э.н., профессор (Беларусь);</i>
Кунызов Е. К.,	<i>доктор PhD, доцент;</i>
Алмаз Тольымбек,	<i>доктор PhD, профессор (США);</i>
Мукина Г. С.,	<i>доктор PhD, доцент;</i>
Алтайбаева Ж. К.,	<i>к.э.н., доцент;</i>
Мусина А. Ж.,	<i>к.э.н., доцент;</i>
Титков А. А.,	<i>к.э.н., доцент;</i>
Омарова А. Р.	<i>(технический редактор).</i>

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели  
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов  
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

**\*Б. С. Корабаев**

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

## **АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ**

*Мамандандыру салаларының басты ерекшеліктері-ауқымдылығы (үлкен көлемі) және өндірістің тиімділігі. Мұндай салалар өнімді өндіру мен экспорттауда ғана емес, сонымен қатар өндіріс күштерін орналастыруға әсер етуде де шешуші рөл атқарады, өйткені дәл осы салалар аймақ аумағында көмекші қызмет көрсету және басқа да қосымша салаларды тартатын орталық ролін атқарады. Демек, өңірдің АӨК секторын инновациялық дамыту үшін жағдай жасау қазақстандық әлеуметтік-экономикалық жүйенің бәсекеге қабілеттілігін және халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыруға ықпал ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады.*

*Өңірдің АӨК-ін инновациялық дамыту ғылыми-техникалық әлеуетті тиімді пайдалануды, ғылымды, білім мен өндірісті интеграциялауды, инновациялық технологиялар базасында экономиканы технологиялық жаңғыртуды көздейді. Осы кешенді міндетті шешу тиісті жағдайлар жасауды талап етеді: инновациялық қызметтің тиісті инфрақұрылымы немесе инновациялық қызметке ақпараттық, сараптамалық, маркетингтік, қаржылық, кадрлық және басқа да қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін материалдық, техникалық, заңнамалық және өзге де құралдардың жиынтығы.*

*Мақалада Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешеніндегі инновациялық үдерістердің ерекшелігі зерттеледі, АӨК-дегі инновациялар түрлерінің сыныптамасы келтіріледі, аграрлық сектордағы инновациялық белсенділікті арттыру жолдары ұсынылады.*

*Кілтті сөздер: нарықтық қатынастар, аграрлық сектор, ауыл шаруашылық өнімдері, инфрақұрылым дамыту, агробизнес.*

## **Кіріспе**

Тәуелсіздік жылдары қазақстандық қоғамның экономикалық және саяси институттары түбегейлі өзгерді. Қазіргі кезеңде Қазақстанның одан әрі дамуы үшін жер-жерлерде басқару жүйесін жетілдіруді қажет етеді. Алайда уақытында ұсынылып қабылданған заңнама актілерінің жетілдірілмеу салдарынан, жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі осы күнге дейін заңнамамен бекітілген жоқ, ал мұның өзі жалпы мемлекеттік басқару жүйесіне нұқсан келтіретіні белгілі.

Қазақстан Конституциясына сәйкес Қазақстанда халықтың жергілікті маңыздағы мәселелерін шешуді қамтамасыз ететін жергілікті өзін-өзі басқару жұмыс істейді. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарын ұйымдастыру мен олардың қызметінің тәртібін азаматтар өздері Заңда белгіленген шектерде белгілейді. Жергілікті өзін-өзі басқару заңы Конституция күшіне енген күннен бастап екі жылдан кешіктірмей қабылдануға тиіс. Осы заңды қабылдау үшін бірнеше рет (1996, 1997, 1999, 2002 жж.) әрекет жасалды, алайда заңнама жобасының толықтай пысықталмауына байланысты ол бірнеше рет кері қайтарылды. Осы жылы ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 29 маусымдағы № 594 қаулысымен ол ҚР Парламенті Мәжілісінің қарауына тағы да ұсынылды [1].

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты 2007 жылғы Жолдауында индустриялық-инновациялық дамуға айрықша маңыз берілген. Еліміздегі инновациялық саясаттың мақсаты – шикізат бағытынан қол үзуге ықпал ететін экономика салаларын әртараптандыру, сервисті-технологиялық қызмет көрсетуді жетілдіру. Осыған орай, бүгінгі таңда постиндустриалды кеңістікте технологиялық өрлеудің маңызды факторларының бірі – инновация болып отыр [3].

## **Материалдар мен әдіс-тәсілдер**

Зерттеу барысында деректерді топтау және жинақтау әдістері қолданылды, салыстырмалы, факторлық, құрылымдық және функционалдық талдау әдістері қолданылды; критерийлерді, жиынтық және ішінара көрсеткіштерді әзірлеу кезінде конъюгаттық әсерлерді есепке алу әдісі, «шығын-пайда», графикалық және аналитикалық әдістер және т.б.

## **Нәтижелер мен пікірталас**

Инновация ағылшын тілінен аударғанда жаңалық енгізу, жаңаша бастау деген ұғымды білдіреді. Кең мағынада алғанда ғылымның жетістіктерін, жетілген техника мен технологияларды, ұйымдастыру мен басқару салаларындағы жаңалықтарды өмірге енгізу болып табылады. Инновациялық жүйе дегеніміз мемлекеттің макроэкономикалық саясатынан бастап, венчурлық (тәуекелдік) бизнесті, шаруашылық қызметінің көптеген түрлерін, ақыл-ой мен қаржы инвестицияларын, кадрлар біліктілігін, елдің білім мен кәсіптік деңгейін, инновациялық құрылымдар мен технологияларды қамтитын тұтасқан бір дүние.

Қазіргі уақытта өзін-өзі басқаратын институттардың құрылуын «жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылуға тиіс басқаруды ұйымдастыру нысаны мен деңгейіне сәйкес дұрыс тәсілдеменің болмауы қолбайлау болып отыр».

Қазіргі жағдайларда жоғары технологиялы экономиканы құруда мемлекеттің орны заңдылық ретінде ұлғаюы тиіс. Бұл мемлекеттік ғылыми саясатты әрдайым дамыту мен диверсификациялау, маңызы жоғары түбірлі ғылыми зерттеулер нәтижесін өндіріске енгізу негізінде жүзеге асуы мүмкін. Өнеркәсіптегі құрылымдық-инвестициялық өзгерістерді жылдамдатуға мемлекеттің ықпалынсыз ғылыми сыйымдылығы жоғары технологияларды салықтық, бюджеттік және сыртқы сауданың экономикалық құралдары арқылы енгізу мүмкін емес [4].

Сонымен қатар, инновациялық даму бағдарламасының жүзеге асу аясында ғылым мен техника жетістіктерін мемлекеттің ұзақ мерзімді дамуына қолданудағы жаңа мақсаттар мен міндеттерге негізделеді. Бұл аталған құжаттар жалпы инновациялық жетістіктерді қолданысқа енгізу шараларын реттеп, еліміздің ауылшаруашылық кешенін дамытудағы алға қойылған негізгі міндеттерді шешуді қамтамасыз етеді деген ойдамыз.

Еліміздің индустриялық-инновациялық дамуының 2003–2015 жылдарға арналған стратегиясы – экономика салаларын әртарапандыруға және дамудың шикізаттық бағытынан кету жолымен елдің тұрақты экономикалық дамуына қол жеткізуге негізделгені белгілі. Индустриялық-инновациялық стратегияны іске асыру барысында өнеркәсіпті, ғылымды және жоғары технологияны дамыту көзделіп отыр. 2015 жылға дейін тауар өндірісінің меншікті салмағын 46,5 пайыздан 50–52 пайызға дейін өсіру, ғылыми қызмет пен ғылыми-инновациялық іс-әрекетті 0,9 пайыздан 1,5–1,7 пайызға өсірмекші [2].

Әлемде жергілікті өзін-өзі басқарудың әр түрлі нысандарын іс жүзінде қолданудың ауқымды тәжірибесі жинақталды. Басқа елдерде жол берілген келенсіздіктерді қайталамау үшін Қазақстанға қолайлы болатын тәжірибені таңдаған дұрыс болар еді [5, 6].

Әлемнің көптеген дамыған елдерінде пайдаланылатын терминологияны қолданатын болсақ, Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқару институттары-мәслихаттар (жергілікті өкілетті органдар) жұмыс істейді. Мәслихатты халық тікелей сайлайды, оның бюджеті, өзінің айрықша өкілеттігі, яғни өзін-өзі басқарудың ресми белгілері бар, алайда Конституцияға сәйкес мәслихаттар жергілікті мемлекеттік басқару органдарына жатады.

Инновациялық даму барысында болашақта өзекті мәселелердің бірі – ол әлеуметтік ғылыми қоғамдастықты қалыптастыру. Ол еліміздегі ауылшаруашылық елді мекен салаларының орынықты дамуы үшін маңызды алғышарттарды құруды көздейді. Ол дегеніміз – саланың ғылыми-

технологиялық жаңартуын жүзеге асыруға қабілетті мамандарды қайтадан даярлау негізінде жоғарыкәсіптік мамандарды дайындау. Ауылшаруашлығында әлеуметтік-ғылыми өрлеу инновациялық қызмет негізінде, ал технологиялық өрлеуге – адамның дамуына қолайлы жағдайлар жасау есебінен жетеді.

Нәтижесінде инновациялық объектілер бой көтерген ауыл аумақтарының бет – әлпеті өзгереді, бұлардағы қала өміріне іспеттес салынған әлеуметтік инфрақұрылымдық объектілерде ондаған жұмыс орындары пайда болады, жергілікті тұрғындар үшін табыс көздері көбейеді, халықтың тұрмыс – тіршілігі жақсарып, олардың өмір сүру деңгейі, өмір сапасы жақсара түседі.

Ауылдық аудандардың әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту агроөнеркәсіп кешенінің инновациялық жүйесін жетілдірумен тікелей байланысты. Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығының мәліметтері бойынша бұл бағыттағы әсіресе халықаралық ынтымақтастық бағыттағы жұмыстар оң нәтижелерін бере бастады. Мәселен соңғы жылдары, отандық аграрлық сала ғылыми қызметкерлері ИКАРДА, СИММИТ сияқты және тағы басқада халықаралық зерттеу ұйымдарымен бірлесе отырып, әлемдік генефондты пайдалану арқылы өнімділігі жоғары ауыл шаруашылығы дақылдарының ондаған сұрыптарын шығарды [7].

Агротехнологиялар және білімді өзара алмасу жолымен аграрлық өндіріс пен аграрлық ғылымның қарқынды дамуын қамтамасыз ететін Қазақстан – Израиль аграрлық зерттеулер қорын құру мақұлданды. Алдыңғы қатарлы халықаралық ғылыми орталықтардың инновациялық жобалары өсімдік шаруашылығында өндірісті селекциялау технологиясын енгізуге бағытталған, бұл селекциялық жұмыс мерзімін 5–7 жылдан асырмайды. «Potato Valleu» Оңтүстік Корея компаниясының технологиялары арқылы вируссыз шағын түйнекті картоп өндіру жобасы қолға алынды. Бұл еліміздің барлық картоп егетін егіс алқаптардан жоғары сапалы материалмен қамтамасыз етуге әрі картоптың өнімділігін 1,7–2 есе көбейтуге мүмкіндік береді [8].

Осы жобаға сәйкес қажетті жұмыстар Павлодар облысының кейбір аудандарында жүзеге асырыла бастады.

Білгал сақтаушы технологияларды енгізуде NaanDan Jain Irrigation (Израиль) компаниясымен бірлесіп суару жүйесін жобалау ұйымдастырылады.

Ғылыми жұмыстарды халықаралық стандарттарға сай жүргізуде мемлекеттік қолдау күшейтіледі. Бұл үшін өсімдік және мал шаруашылығының әртүрлі салалары бойынша қазіргі заманның талаптарына сай келетін зертханалар мен арнайы кешендер салынады, өнімді сұрыптау мен асыл тұқымды малдарды шығару мақсатында селекциялық – жылыжайлардың құрылысы басталады, пайдалануға тұрған құрылыстар мен ғимараттарды жаңаландыру және жаңғырту жұмыстары қолға алынады.

Инновациялық өзгерістердің болашақтағы ең өзекті мәселелері агроөнеркәсіпті шоғырландыру, кооперация және интеграцияның инновациялық басым бағыттарын таңдау. Бұлар өз кезегінде саланы техникалық және технологиялық жаңартуда жетік мамандарды пайдалануда, олардың кәсіптік шеберлігін жетілдіруді талап етеді.

Аграрлық секторда әлеуметтік дамудың жоғары деңгейіне қол жеткізу инновациялық үрдістерді қолдау арқылы, ал технологиялық өзгерістерде – тауар өндірушілерге қажетті тұрмыстық жағдайлар жасау есебінен қамтамасыз етілуі тиіс. Бұл үшін агроөнеркәсіпте озық технологиялар, инновациялардың жетістіктері, озат тәжірибелер туралы арнайы ақпарат тарату жүйесін қалыптастыру қажет.

Қазақстан Республикасының инновациялық дамуының 2015–2020 жылдарға арналған Стратегиясы – экономика салаларын әртараптандыру, дамудың шикізаттық бағытынан гөрі өңдеу, қайта өңдеу, терең қайта өңдеу бағытына басымдылық көрсету, экономикалық қызметтерді қаржыландырудың тиімді жолдарын таңдай білу, халықтың өмір сүру сапасын арттыру, тұрмыс-тіршілігін жақсарту.

Үстіміздегі жылдары өңір экономикасының инновациялық басым дамуы қаржыландырудың мына бағытта жұмсалуды қажет етеді.

Инновациялық даму шеңберіндегі жобаларды іске асыруға қажетті күрделі қаржы көлемі 2009–2015 жж. аралығында 1,4 есе арттырылады. Барлық кірісте трансферттік кірістердің үлес салмағы 2009ж. 26,7 %-дың орнына 2015ж. 34,6 %-ға көтеріледі.

Жұмыскерлердің орташа айлық жалақысы 33,5 %-ға, халықтың жан басына шаққандағы ақшалай жылдық кірісі 29,6 %-ға артырылады [3].

Аграрлық секторды реформалау жылдары ауыл шаруашылығы өндірісінің төмендеу салдарынан өнім өңдейтін кәсіпорындардың көпшілігі қалыпты жұмыс істеулерін тоқтатты, қолда бар өндірістік қуаттарын толық пайдалана алмады. Өзара шаруашылық байланыстары үзілді, тұтынушылық кооперация жүйесі бұзылды. Ауыл – селода орналасқан шағын өңдеу кәсіпорындарында, бір жағынан, өнім көлемі азайған болса, екінші жағынан оның сапасы төмендеді [5].

Ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау, оларды сатып алу жүйесі және көтерме сауда нарқының болмауы, ауыл шаруашылығы өнімін түпкілікті сатып алушыға әкелгенге дейін жолда делдалдардың көбейіп кетуі саланың тиімділігіне, ауылдық өндірушілердің табыстылығына кері әсерін тигізіп отыр.

Өнім дайындау бекеттерінің жетіспеуі, олардың жеткіліксіз деңгейде жарақтандырылуы, ауыл шаруашылығы өнімі сапасының арнайы

зертханаларда бақыланбауы, тамақ өнеркәсібінің қажетті шикізатпен қамтамасыз етілуіне, сондай-ақ село тұрғындарының өз өнімдерін мезгілімен өткізе алмауына келеңсіз әсер етеді. Қорытып айтқанда, АӨК-не қатысушылар мен село халқының мүдделі топтарының ақпаратпен қамтылуы жеткіліксіз.

Агроөнеркәсіп кешенінде ақпараттық-консультациялық қажеттілігінің сипаттамасы 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1 – Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің ақпараттық және консультациялық қажеттілігінің сипаттамасы

Сипаттаманың түрі	Жалпы қажеттілік	Пайдалы	Залалды
Ірі	қазіргі таңда бар өнім өткізу каналдары, оның сұранысы мен ұсынысы және нарықтағы бағасы, өндірістік	нарықтағы қажеттілікті зерттеумен, бизнес-жоспар, инвестициялық, инновациялық жоба әзірлеумен байланысты консультациялық қажеттіліктер	қаржы міндеттемелерін қайта құрылымдаумен, нақты активтерді тиімді пайдаланумен және т.б. байланысты консультациялық қажеттіліктер
Орташа	құралдар мен ресурстар, қаржыландыру, сыртқы нарықтармен ынтымақтастық жасасу мүмкіндіктері,	өндірістік қуаттарды кеңейтумен, көрсетілетін қызметтердің сапасының, операциялық қызметтің тиімділігін арттырумен байланысты консультациялық қызметтер	қаржы міндеттерін қайта құрумен, нақты активтерді тиімді пайдаланумен және т.б. байланысты консультациялық қажеттіліктер
Шағын	мемлекеттік қолдау мен т.б. жөніндегі ақпарат	өндіріс ауқымын кеңейтумен байланысты консультациялық қажеттіліктер	операциялық қызметтің тиімділігін арттырумен байланысты консультациялық қажеттіліктер

Қазіргі уақытта Ауыл шаруашылығы министрлігінің ведомстволық бағынысындағы ұйымдар (мысалы, Аграрлық кредиттік корпорация, Қазагрофинанс) енгізетін ауыл шаруашылығы саласындағы көптеген мемлекеттік жобаларды іске асыруға АӨК-не қатысушылар мен село халқының мүдделі топтарының ақпаратпен жеткіліксіз қамтылуы кедергі жасап отыр. ДСҰ-ын қолдау шараларының жіктемесіне сәйкес консультациялық қызметтер, сонымен бірге өндірушілер мен тұтынушыларды ақпаратпен және ғылыми зерттеулердің нәтижелерімен қамтамасыз ету, кадрларды оқыту мен қайта даярлау, маркетинг пен нарықта өнімді жылжыту жөніндегі қызметтер «жасыл қоржын» шараларына жатқызылған және оларды ДСҰ-ға мүше-елдер шектеусіз пайдалана алатынын айтып кеткен орынды [10].



Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді кешенді ақпараттық-маркетингтік және консультациялық қолдауды одан әрі дамыту мақсатында: ауыл шаруашылығы саласы жөніндегі білімді, озық технологиялар мен ғылым мен инновациялардың жетістіктері туралы ақпаратты тарату, отандық ауыл шаруашылығы өнімін ішкі және сыртқы нарықтарда жылжытуға көмек беруге қатысты көрсетілетін қызметтердің тізбесін кеңейту жүйесін дамытуға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыруды қолға алу қажет. Ауыл шаруашылығы саласы жөніндегі білімді, озық технологиялар, ғылым мен инновациялардың жетістіктері туралы ақпаратты тарату мен беру жүйесін құрып, оны дамыту. Ақпараттық ресурстарға қол жеткізу кәсіпкерлік белсенділікті дамытудың ең маңызды элементі болып табылады. «Қазагро-маркетинг» АҚ жұмыс істейтін өңірлік желісінің базасында ауыл шаруашылығы білімін, озық технологиялар, ғылым мен инновациялардың жетістіктері туралы ақпаратты тарату мен беру жүйесін ҚР АШМ, ҚР АШМ-дің ҒЖО құрылымдық бөлімшелерін, қауымдастықтар мен одақтардың өкілдерін, сондай-ақ «Қазақстанның ауыл шаруашылығы өнімінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру» атты жобаны тарта отырып құру қажет.

### **Қорытынды**

Жобаны іске асыру үшін білімді таратып, берумен айналысатын консультанттардың тобын тарту керек. Жобаның аудандық деңгейдегі консультанттары: өңірлердің ауыл шаруашылығы құрамдарының тиімділігінің мониторингі (мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығы); ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің озық технологиялар, отандық өнімнің жетістіктерін енгізу мәселесіндегі негізгі қажеттілігін анықтау; ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге озық технологиялар мен ғылыми әзірлемелер енгізу мәселесі бойынша консультация беру; іске асырылған жобалардың мониторингін жүргізу мен олардың нәтижесін ауданның аумағында тарату сияқты бағыттар бойынша жұмыс істейтін болады. Жобаның облыстық деңгейдегі консультанттары: облыстың ауыл шаруашылығы құрамдарының озық технологиялар, отандық өнімнің жетістіктерін енгізу мәселесіндегі қажеттілігінің мониторингінің деректерін жинау мен өңдеу; өңірлердің мал шаруашылығында, өсімдік шаруашылығы мен өнім өңдеуде нақты технологиялар енгізудегі қажеттіліктерінің тізбесін қалыптастыру; АШМ-дің өңірлік ҒЖО-мен отандық әзірлемелерді өндіріске енгізу мәселесі бойынша өзара ықпалдасу; арнайы мамандандырылған семинарлар, конференциялар мен мәжілістер ұйымдастыру.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 О государственном регулировании развития агропромышленного комплекса и сельских территорий: закон // Казахстанская правда. – 2005, июль. – 12. – С. 7–8.

2 **Абиров, Ж. А., Сигарев, М. И., Курьяков, И. А.** Экономический механизм хозяйствования в аграрном производстве Казахстана. – Алматы, 1997. – С. 38.

3 **Нұрғалиева, А. А.** «Ауылдық аудандарда әлеуметтік инфрақұрылымды дамытудың экономикалық механизмі»: Монография // Павлодар: «Кереку» баспасы, 2011. – 176 с.

4 **Дошанова, А. И.** Қазақстан аграрлық секторындағы мемлекеттік реттеу // Аграрлық нарық проблемалары. – 2019. – №1. – 180 С.

5 **Нұрғалиева, А. А., Мусина, А. Ж., Нұрғалиев, Е. А.** Ауыл шаруашылығындағы өндірістік кәсіпкерліктің ерекшеліктері // Аграрлық нарық проблемалары. – 2019. – № 2. – 230 С.

6 **Зубарева, Ю. В., Пилипенко, Л. М.** Проблемы ведения агробизнеса и направления их решения // Фундаментальные исследования. – 2016. – № 12(4). – С. 858–862.

7 **Молдашев, А. Б.** АПК Казахстана: проблемы развития и поиск их решения // Проблемы агрорынка. – 2016. – №3 (июль-сентябрь). – С. 7–13.

8 **Ермолаева, С. Г.** Рынок труда: учеб. пособие. – Екатеринбург: Уральский университет, 2015. – 108 с. [Электронный ресурс]. – URL: <http://http://elar.urfu.ru/bitstream/10995/30847/1/978-5-7996-1393-8.pdf>.

9 **Коваленко, Н. Я.** Экономика сельского хозяйства: Учебник. – М.: Юрайт, 2018. – 406 с.

10 **Абакарова, Р. Ш.** Регулирование сельского хозяйства. Положительные стороны зарубежного опыта // Вестник ИрГТУ. – 2015. – № 1(96). – С. 129–132.

## REFERENCES

1 O gosudarstvennom regulirovanii razvitiya agropromishlennogo kompleksa i selskih territorii\_ zakon [On state regulation of the development of the agro-industrial complex and rural areas: law] // Kazhastanskaya pravda. – 2005, July. – 12. – P. 7–8.

2 **Abirov, J. A., Sigarev, M. I., Kuryakov, I. A.** Ekonomicheskii mehanizm hozyaistvovaniya v agrarnom proizvodstve Kazahstana. [The economic mechanism of management in the agricultural production of Kazakhstan] – Almati, 1997. – P. 38.

3 **Nurgalieva, A. A.** «Auıldik audandarda aleumettik infrakurilimdi damitudin ekonomikalik mehanizmi»: Monografiya [Economic mechanism for the development of social infrastructure in rural areas: Monograph]. – Pavlodar: «Kereku» baspasi, 2011. – 176 p.

4 **Doshhanova, A. I.** Kazakstan agrarlyk sektoryndagy memlekettik retteu: Agrarlyk naryk problemalary [State regulation in the agrarian sector of Kazakhstan // Problems of the agrarian market] [Text]. – 2019. – №1 – 180 p.

5 **Nurgalieva, A. A., Musina, A. Zh., Nurgaliev E. A.** Auyl sharuashylygyndagy өндірістік кәсіпкерліктің ерекшеліктері: Agrarlyq naryk problemalary [Features of industrial entrepreneurship in agriculture: Problems of the agricultural market] [Text]. – 2019. – № 2. – 230 p.

6 **Zubareva, Ju. V., Pilipenko, L. M.** Problemy vedenija agrobiznesa i napravlenija ih reshenija // Fundamental'nye issledovanija [Problems of agribusiness management and their management // Fundamental'nye issledovanija] [Text]. – 2016. – № 12(4). – P. 858–862.

7 **Moldashev, A. B.** APK Kazahstana: problemy razvitija i poisk ih reshenija // Problemy agrorynka [APK Kazakhstan: development problems and search for their solution // Problemy agrorynka] [Text]. – 2016. – №3 (ijul'-sentjabr'). – P. 7–13.

8 **Ermolaeva, S. G.** Rynok truda: ucheb. posobie [Labor market: ucheb. posobie] [Text]. Ekaterinburg: Ural'skij universitet, 2015. – 108 p. [Electronic resource]. – URL: <http://http://elar.urfu.ru/bitstream/10995/30847/1/978-5-7996-1393-8.pdf>.

9 **Kovalenko, N. Ja.** Jekonomika sel'skogo hozjajstva: Uchebnik / pod red [Agricultural Economics: Textbook / ed.] [Text]. – Moscow: Jurajt, 2018. – 406 p.

10 **Abakarova, R. Sh.** Regulirovanie sel'skogo hozjajstva. Polozhitel'nye storony zarubezhnogo opyta [Text] // Vestnik IrGTU. – 2015. – № 1(96). – P. 129–132.

Материал 21.06.22 баспаға түсті.

*\*Б. С. Корабаев*

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,

Республика Казахстан, г. Нур-Султан.

Материал поступил в редакцию 21.06.22.

## ПУТИ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ИННОВАЦИОННОЙ СИСТЕМЫ АГРОПРОМЫШЛЕННОГО КОМПЛЕКСА

*Основные особенности отрасли специализации – масштабность (большие объемы) и эффективность производства. Такой вид отрасли занимает решающую роль не только в производстве и экспорте*

*производки, но и во влиянии на распространение производительных сил, так как именно эти отрасли выполняют на территории региона роли центра, которые притягивают к себе вспомогательные обслуживающие и другие дополнительные отрасли производства. Следует отметить, что создание условий для инновационного развития сектора АПК региона является одним из важнейших факторов, способствующих повышению конкурентоспособности казахстанской социально-экономической системы и уровня и качества жизни населения.*

*Инновационное развитие АПК региона предполагает эффективное использование научно-технического потенциала, интеграции науки, образования и производства, технологическую модернизацию экономики на базе инновационных технологий. Решение этой комплексной задачи требует создания надлежащих условий: соответствующей инфраструктуры инновационной деятельности или совокупности материальных, технических, законодательных и иных средств, обеспечивающих информационное, экспертное, маркетинговое, финансовое, кадровое и другое обслуживание инновационной деятельности.*

*В статье рассматривается специфика инновационных процессов в агропромышленном комплексе Казахстана, приводится классификация типов инноваций в АПК, предлагаются пути повышения инновационной активности в аграрном секторе.*

*Ключевые слова: рыночные отношения, аграрный сектор, сельскохозяйственная продукция, развитие инфраструктуры, агробизнес.*

*\*B. S. Korabayev*

L. N. Gumilyov Eurasian National University,  
Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan.

Material received on 21.06.22.

## WAYS TO IMPROVE THE INNOVATIVE SYSTEM OF THE AGRO-INDUSTRIAL COMPLEX

*The main features of the specialization industry are the scale (large volumes) and efficiency of production. This type of industry plays a deciding role not only in the production and export of products, but also in the influence on the distribution of production services, as these industries play a role in the region's center, which attracts self-employed and other additional industries. Next, the creation of conditions for innovative development of the agro-industrial complex of the region is one of the most important factors contributing to improving the competitiveness of the Kazakh socio-economic system and the level and quality of life of the population.*

*Innovative development of the agro-industrial complex of the region involves effective use of the scientific and technical potential, integration of Science, Education and production, technological modernization of the economy on the basis of innovative technologies. The solution of this complex task requires the creation of additional conditions: appropriate infrastructure for innovative activities or co-operation of material, technical, legislative and other means providing information, expert, marketing, financial, personnel and other services innovative activities.*

*The article examines the specifics of innovative processes in the agro-industrial complex of Kazakhstan, which leads to the classification of types of innovations in the agro-industrial complex, proposes ways to increase innovation activity in the agricultural sector.*

*Keywords: market relations, agricultural sector, agricultural products, infrastructure development, agribusiness.*

Теруге 21.06.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

1,14 Мб RAM

Шартты баспа табағы 7,25

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3942

Сдано в набор 21.06.2022 г. Подписано в печать 30.06.2022 г.

Электронное издание

1,14 Мб RAM

Усл.п.л. 7,25. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3942

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz